

Бұқар жырау аудандық мәслихатының 2014 жылғы 31 қазандағы 29 сессиясының № 4 "Бұқар жырау ауданының бөлек жергілікті қоғамдастық жиындарын өткізу дің қағидаларын бекіту туралы" шешіміне өзгерістер енгізу туралы

### **Күшін жойған**

Қарағанды облысы Бұқар жырау аудандық мәслихатының 2022 жылғы 29 қыркүйектегі № 9 шешімі. Күші жойылды - Қарағанды облысы Бұқар жырау аудандық мәслихатының 2025 жылғы 5 наурыздағы № 6 шешімімен

**Ескерту. Күші жойылды - Қарағанды облысы Бұқар жырау аудандық мәслихатының 05.03.2025 № 6 шешімімен (алғаш ресми жарияланған күннен бастап қолданысқа енгізіледі).**

Бұқар жырау аудандық мәслихаты ШЕШТІ:

1. "Бұқар жырау ауданының бөлек жергілікті қоғамдастық жиындарын өткізу дің қағидаларын бекіту туралы" Бұқар жырау аудандық мәслихатының 2014 жылғы 31 қазандағы 29 сессиясының № 4 шешіміне (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізілімінде № 84440 болып тіркелген) мынадай өзгерістер енгізілсін:

тақырыпқа қазақ тілінде өзгеріс енгізіледі, орыс тіліндегі мәтін өзгермейді:

"Бұқар жырау ауданының жергілікті қоғамдастықтың белек жиындарын өткізу дің қағидаларын бекіту туралы";

көрсетілген шешіммен бекітілген Бұқар жырау ауданының жергілікті қоғамдастықтың белек жиындарын өткізу дің қағидалары осы шешімнің қосымшасына сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

2. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күннен бастап қолданысқа енгізіледі.

Мәслихат хатшысы

A. Әли

Бұқар жырау аудандық  
мәслихатының 2022 жылғы  
29 қыркүйектегі № 9 шешіміне  
қосымша

Бұқар жырау аудандық  
мәслихатының 29 сессиясының  
2014 жылғы 31 қазандағы  
№ 4 шешімімен бекітілген

**Бұқар жырау жергілікті қоғамдастықтың белек жиындарын өткізу дің қағидалары**

**1-тарау. Жалпы ережелер**

1. Осы Жергілікті қоғамдастықтың бөлек жиындарын өткізудің қағидалары "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 39-3-бабының 6-тармағына сәйкес әзірленді және ауыл, кент, ауылдық округ, шағын аудан, көше, көппәтерлі тұрғын үй тұрғындарының жергілікті қоғамдастығының бөлек жиындарын өткізудің тәртібін белглейді.

2. Осы Қағидаларда мынадай негізгі ұғымдар пайдаланылады:

1) жергілікті қоғамдастық – шекараларында жергілікті өзін-өзі басқару жүзеге асырылатын, оның органдары құрылатын және жұмыс істейтін тиісті әкімшілік-аумақтық бөлініс аумағында тұратын тұрғындардың (жергілікті қоғамдастық мүшелерінің) жиынтығы

2) жергілікті қоғамдастықтың бөлек жиыны – ауыл, кент, ауылдық округ, шағын аудан, көше, көппәтерлі тұрғын үй тұрғындарының (жергілікті қоғамдастық мүшелерінің) жергілікті қоғамдастық жиынына қатысу үшін өкілдерді сайлауға тікелей қатысуы.

## **2-тaraу. Жергілікті қоғамдастықтың бөлек жиындарын өткізудің тәртібі**

3. Жергілікті қоғамдастықтың бөлек жиынын өткізу үшін ауылдың, кенттің, ауылдық округтің аумағы участеклерге (ауылдар, шағын аудандар, көшелер, көппәтерлі тұрғын үйлер) бөлінеді.

4. Жергілікті қоғамдастықтың бөлек жиындарында жергілікті қоғамдастық жиынына қатысу үшін саны үш адамнан аспайтын өкілдер сайланады.

5. Жергілікті қоғамдастықтың бөлек жиынын ауылдың, кенттің, ауылдық округтің әкімі шақырады және ұйымдастырады.

6. Жергілікті қоғамдастықтың халқына жергілікті қоғамдастықтың бөлек жиындарының шақырылу уақыты, орны және талқыланатын мәселелер туралы ауыл, кент, ауылдық округ әкімі бұқаралық ақпарат құралдары арқылы немесе өзге де тәсілдермен олар өткізілетін күнге дейін күнтізбелік он күннен кешіктірмей хабарлайды.

7. Ауыл, кент, ауылдық округ, шағын аудан, көше, көппәтерлі тұрғын үй шегінде бөлек жергілікті қоғамдастық жиынын өткізуді ауыл, кент және ауылдық округ әкімі ұйымдастырады.

Шағын аудан немесе көше шегінде көппәтерлі үйлер болған жағдайда, көппәтерлі үйдің бөлек жиындары өткізілмейді.

8. Жергілікті қоғамдастықтың бөлек жиынының ашылуы алдында тиісті ауылдың, шағын ауданының, көшениң, көппәтерлі тұрғын үйдің қатысып отырған, оған қатысуға құқығы бар тұрғындарын тіркеу жүргізіледі.

Жергілікті қоғамдастықтың бөлек жиыны осы ауылда, шағын ауданда, көшеде, көппәтерлі үйде тұратын және оған қатысуға құқығы бар тұрғындардың

(жергілікті қоғамдастық мүшелерінің) кемінде он пайызы қатысқан кезде өтті деп есептеледі.

9. Жергілікті қоғамдастықтың бөлек жиынын ауыл, кент, ауылдық округ әкімі немесе ол уәкілеттік берген тұлға ашады.

Ауыл, кент, ауылдық округ әкімі немесе ол уәкілеттік берген тұлға бөлек жергілікті қоғамдастық жиынының төрағасы болып табылады.

Жергілікті қоғамдастықтың бөлек жиынының хаттамасын ресімдеу үшін ашық дауыс берумен хатшы сайланады.

10. Жергілікті қоғамдастық жиынына қатысу үшін ауыл, кент, ауылдық округ, шағын аудан, көше, көппәтерлі тұрғын үй тұрғындары өкілдерінің кандидатураларын ауданның мәслихаты бекіткен сандық құрамға сәйкес бөлек жергілікті қоғамдастық жиынына қатысушылар ұсынады.

11. Дауыс беру ашық тәсілмен әрбір кандидатура бойынша дербес жүргізіледі. Жергілікті қоғамдастықтың бөлек жиынына қатысушылардың ең көп даусын жинаған кандидаттар сайланған болып есептеледі.

12. Жергілікті қоғамдастықтың бөлек жиынында хаттама жүргізіледі, оған төраға мен хатшы қол қояды және ол тиісті ауыл, кент және ауылдық округ әкімінің аппаратына беріледі.